

Мемлекеттік орман қоры аумағында шайыр, ағаш шырынын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау қағидаларын, сондай-ақ сүрекдіндерден сөл алынуы мүмкін аймақтарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1267 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 18-02/400 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 12-бабының 16) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман қоры аумағында шайыр, ағаш шырынын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау қағидалары, сондай-ақ сүрекдіндерден сөл алынуы мүмкін аймақтар бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	1
№	1 2 6 7	қ а р а ш а д а ғ ы
	қ а у л ы с ы м е н	
бекітілген		

Мемлекеттік орман қоры аумағында шайыр, ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау қағидалары, сондай-ақ сүрекдіндерден сөл алынуы мүмкін аймақтар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орман қоры аумағында шайыр, ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар), сондай-ақ сүректіңдерден сөл алынуы мүмкін аймақтар Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 12-бабының 16-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қоры аумағында шайыр, ағаш шырындарын және қосалқы ағаш ресурстарын дайындау тәртібін, сондай-ақ сүректіңдерден сөл алынуы мүмкін аймақтарды белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) шайыр – қылқан жапырақты ағаштар зақымданған кезде бөлінетін қоймалжың зат;

2) сөл алу – ағаштардың діңдерінен шайыр, шырын алу үшін оларды көктеп-өсу кезеңінде қолдан зақымдау;

3) кеспеағаш аймағы - ағаш кесудің барлық түрлері үшін бөлінген немесе ағаштары кесілу сатысындағы орман учаскесі;

4) кесу жасы – сүректіңдердің толыса бастаған санатынан толысқан санатына өтуден басталатын және басты пайдалану мақсатында кесуге болатын жасы;

5) сүректіңдер – орман екпелерінің негізгі бөлігі болып табылатын ағаштар жиынтығы;

6) кеспеағаш аймағын бөлу – шекараны нақтылы және кеспеағаштарды мөлшерлей отырып айқындау, кесуге жатқызылған ағаштарға белгі соғу, кеспеағаш алқабында есепке алынған сүректерді заттай және ақшалай бағалау жөніндегі іс-шаралар;

7) екінші дәрежелі ағаш ресурстары – ағаш пен бұталардың қабығы, бұтағы, түбірі, тамыры, жапырағы, бүршігі;

8) шайыр, ағаш шырындарын, қосалқы сүрек ресурстарын дайындау жөніндегі әзірлік жұмыстары – қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ететін жұмыстар: қауіпті (ілінген, құрғақ, кеуіп қалған, фито– және энтомозиянкестер нұқсан келтірген) ағаштарды жинау, ағаштардың жанында жұмыс жасау үшін орындарды тазарту, тілік салу үшін кедергі келтіретін бұтақшаларды кесу, сондай-ақ уақытша маңызы бар құрылыстар, кірме жолдар салу, ағаш кесу құқығынсыз мөлдекке сөл ағызуға берілген екпелерді бөлу, сөл ағызу үшін жарамды ағаштарды тандау, тіліктерді белгілеу, тіліктерді қызарту, тіліктерді сұлбалау, науалар өткізу, тілік жабдықтарын орнату.

Сөл ағызуды жүргізетін орман пайдаланушылар ұзақ мерзімді пайдалану туралы шарт пен екпелерді сөл ағызуға беру актісіне қол қойылған сәттен бастап дайындық жұмыстарын жүргізеді.

Науа тарту және тілік жабдықтарын орнату сүрек жібiгеннен кейiнгi көктем

меzгiлiнде ағаш кесу билетiн алғаннан кейiн жүргiзiледi;

9) шайыр мен ағаш шырындарын дайындау жөнiндегi негiзгi өндiрiстiк жұмыстар - арнайы жарақатты – жаңа тiлiктердi тұрақты енгiзу, шайырлардың шығу үдеткiштерiмен жаңа екпелердi өңдеу, науаларды тазарту арқылы шайырлар мен баррасты кезең-кезеңiмен жинау, шайырлар мен баррасты ыдысқа салу және олардың орманда сақталуын ұйымдастыру, орманнан шайырлар мен баррасты тасымалдау, ыдысты өлшеу және таңбалау, шайырлар мен баррасты тұтынұшыларға жөнелту;

10) шайыр мен ағаш шырындарын дайындау жөнiндегi қорытынды жұмыстар – ағаштардан тiлiк жабдықтарын алу, оны жөндеу және жинау, ал сөл ағызу мерзiмi аяқталған кезде – тiлiк жабдықтарын жинап, оларды сақтау орнына тасымалдау, уақытша құрылыстарды жинау.

Сөл ағызуды жүргiзетiн орман пайдаланушылар сөл ағызу аяқталатын тиiстi жылдың 31 желтоқсанынан кешiктiрмей барлық жұмысты аяқтап, кеспеағашта тiлiк жабдықтарын жинайды.

2. Шайыр дайындау

3. Мемлекеттiк орман қоры учаскелерiнде шайыр дайындау пiсiп-жетiлген және жасамыс ағаштарда жүзеге асырылады, олар сөл ағызудың белгiленген мерзiмi аяқталғаннан кейiн басты мақсатта пайдалану үшiн ағаш кесуге тағайындалады.

Пiсiп-жетiлген және жасамыс ағаштардың жетiспеушiлiгi кезiнде сөл ағызу аяқталған мерзiмде кесу жасына жететiн пiсiп қалған ағаштардың сөлiн ағызуға жол берiледi.

4. Басты мақсатта пайдалану үшiн ағаш кесудiң Қазақстан Республикасының заңнамасында белгiленген тәртiппен бекiтiлген жоспарларынсыз аталған сүрекдiңдердi сөл алу үшiн беруге және осы сүрекдiңдерден сөл алуға тыйым салынады.

Таяудағы 10-15 жылда басты мақсатта пайдалану үшiн кесу жүргiзiлмейтiн екпелер сөл ағызуға белгiленбейдi.
5. Сөл ағызуға:

1) қарағай – құрамында кемiнде 3 бiрлiк қарағай бар бонитеттiң 1-4-сыныптары;

2) балқарағай – құрамында кемiнде 4 бiрлiк балқарағай бар бонитеттiң 1-3-сыныптары;

3) шырша – құрамында кемiнде 5 бiрлiк шырша бар бонитеттiң 1-3-сыныптары жiберiледi.

Сонымен бiрге сөл ағызуға майқарағай – құрамында кемiнде 5 бiрлiк

майқарағай бар бонитеттің 1-3-сыныптары тағайындалады.

6. Сөл ағызу үшін сау ағаштар:

1) елеулі нұқсан келмеген:

диаметрі 20 сантиметр және одан жоғары қарағайлар мен балқарағайлар;

диаметрі 24 сантиметр және одан жоғары шырша ағаштары;

2) әлсіреген және елеулі нұқсан келген ағаштар кесуге екі жыл қалғанда ғана:

диаметрі 16-20 сантиметр қарағай және балқарағай;

диаметрі 20 сантиметр және одан жоғары ағаштар жіберіледі.

7. Сөл ағызуға:

1) орман зиянкестері мен аурулары ошақтарын жойғанға дейін олардағы екпелер;

2) өрттер, зиянкестер, аурулар және басқа да қолайсыз факторлар нұқсан келтірген және әлсіреткен екпелер;

3) ерекше қорғалған орман учаскелері;

4) ағаш тұқымы учаскелері, тұқымдық шоқ ағаштар, тұқымдықтар, артықшылығы бар ағаштар;

5) арнайы сортименттер дайындау үшін іріктелген ағаштар жатпайды.

8. Сөл ағызуға:

1) құрамында кемінде 3 түп қарағай бар екпелер;

2) бонитеттің 5-сыныбының қарағай екпелері;

3) өз мақсатын орындаған қарағай тұқымдықтары мен шоқ ағаштар;

4) басқа екпелер арасында орналасқан алаңы 2-3 га дейінгі қарағай екпелерінің шағын учаскелері беріледі.

Бұл екпелердің сөл ағызу мерзімі оларды кесуге беру мерзіміне байланысты белгіленеді және 10 жылдан аспайды.

9. Шайыр дайындауды жүзеге асырушы орман пайдаланушылар сөл ағызу басталғанға дейін жылдар бойынша бөлу арқылы 10 жыл кезеңіне арналған сөл ағызу жоспарын жасап, оны орман иеленушімен келіседі.

10. Орман иеленушілер ұзақ мерзімді орман пайдалану туралы шартқа және ағаш кесу жоспарына сәйкес алдағы сөл ағызу басталатын тиісті жылдың 1 наурызынан кешіктірмей кесілетін есептік кеспеағаштардың жылдық көлемі шегінде екпелерді сөл ағызуға шығару жоспарының жобасын жасайды.

11. Сөл ағызуды жүргізетін орман пайдаланушылар сөл ағызуға екпелерді шығару жоспарының жобасымен танысады.

Шарттың талаптарына ескертулер болған жағдайда орман пайдаланушылар екпелерді тұрған күйінде зерттеп, тиісті жылдың 1 мамырынан кешіктірмей орман иеленушіге өзінің ескертпелерін хабарлайды.

Орман иеленушілер сөл ағызуды жүргізетін орман пайдаланушының ескертпелерін қарап, олар келіп түскен сәттен бастап 3 жұмыс күннің ішінде

қажеттігіне қарай нақтылаулар енгізеді.

Екпелерді сөл ағызуға бөлу жоспарының жобасын орман пайдаланушылармен келіскеннен кейін ормандарды қорғау, күзету, молықтыру және орман пайдалану мәселелерімен айналысатын мемлекеттік орман мекемесінің басшысы 10 күнтізбелік күн ішінде бекітеді.

12. Екпелерді сөл ағызуға шығарудың бекітілген жоспарына сәйкес орман иеленушілер оларды екпелерді сөл ағызуға беру актісі бойынша сөл ағызуды жүзеге асыратын орман пайдаланушыға беруді сөл ағызу басталу жылының 1 қазанынан кешіктірмей осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жүргізеді. Беру актісіне сөл ағызуға берілетін екпелердің планшеттерінен көшірме қоса тіркеледі.

Ормандарды қорғау, күзету, молықтыру және орман пайдалану мәселелерімен айналысатын мемлекеттік орман мекемелерінде сөл ағызуға жататын екпелерді есепке алу кітабы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жүргізіледі, онда екпелерді сөл ағызуға беру актісіне сәйкес тиісті жазбалар ж а с а л а д ы .

13. Екпелерді сөл ағызуға бөлу және оларды тұрған күйінде ресімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген тәртіппен Үкімет бекіткен Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде кеспеағаштарды бөлу және оларды бағалау Қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Мөлдек бағандарында орамның нөмірі, мөлдек нөмірі, мөлдек алаңы, сондай-ақ сөл ағызу басталған және аяқталған жыл көрсетіледі.

14. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес қысқа мерзімді сөл ағызу үшін алдағы 5-7 жылда кесуге жататын ағаштар, ал ұзақ мерзімді сөл ағызуға алдағы 10 жылда кесуге жататын осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ағаштар бөлінеді.

15. Ағаш кесу билеті мен ұзақ мерзімді пайдалану туралы шартқа сәйкес жазып алынған кеспеағаштар пайдаланудың барлық мерзімінде сөл ағызуға беріледі және сөл ағызудың белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін ғана кесуге б е р і л е д і .

Ағаш кесу билеті мен ұзақ мерзімді пайдалану туралы шартта көрсетілген белгіленген мерзім аяқталғанға дейін сөл ағызу жұмыстарын тоқтатуға, сондай-ақ кеспеағаштарды сөл ағызудан мерзімінен бұрын алып қоюға тыйым с а л ы н а д ы .

16. Екпелерді сөл ағызудан мерзімінен бұрын алып қоюға екпелердің санитарлық жай-күйінің күрт нашарлауы немесе өрттердің кесірінен нұқсан келген жағдайларда ғана жол беріледі.

Алып қою орман иеленушілер орман патологының және алдағы алып қою жайында 3 күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде ескертілген сөл ағызуды жүргізетін орман пайдаланушының қатысуымен жасалған уәкілетті органдардың

немесе облыстық атқарушы органдардың актілері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Қағидаларға 5-қосымшаға орай жүргізіледі.

Сөл ағызуды жүргізетін орман пайдаланушы келмеген жағдайда жасалған акт түпкілікті болып табылады. Бұл ретте жасалған акт қол қойылған сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде орман пайдаланушыға жіберіледі.

17. Орман мекемесі бойынша сөл ағызуды жататын екпелердің жалпы алаңы сөл ағызуды жүргізу мерзіміне байланысты жылдық есептік кеспеағаштардың еселігімен анықталады. Кеспеағаштарды (мөлдектерді) сөл ағызудан шығару мерзімі белгіленген сөл ағызуды жылының соңғы жылымен анықталады.

2.1. Қарағай, шырша, балқарағай және самырсын пайырын дайындау жұмыстарын орындау

18. Ұзақ мерзімді орман пайдалану туралы шартқа сәйкес сөл ағызуды жүргізетін орман пайдаланушылар екпелерді сөл ағызуды беру актісіне қол қойған сәттен бастап екпелердің (мөлдектердің) сөлін ағызуды үшін шығарылған кеспеағаштарда, ал қажет болған жағдайда - олармен аралас жатқан алаңдарда мынадай дайындық жұмыстарын жүргізе алады:

- 1) уақытша құрылыстар салу;
- 2) шайыр қоймалары;
- 3) қоймаларға өтетін кірме жолдар;
- 4) ағаштарды кеспей-ақ литерге сөл ағызуды берілген кеспе ағаштарды бөлу;
- 5) ағаштар жанындағы жұмыстар үшін орындарды тазалау;
- 6) тілік салуды кедергі келтіретін бұтақшаларды кесу;
- 7) тіліктерді қызарту.

Осы құрылыстарға кірме жолдар төсеу табиғи жаңаруы жақсы шок ағаштардың айналасында жүргізуді қажет.

19. Тілік жабдықтарын орнатуға көктем мезгілінде сүректер жібігеннен кейін рұқсат етіледі. Ағаштарға металл шегелермен қабылдағыштар бекітуге тыйым салынады.

20. Жаңа тіліктер барлық өсу кезеңі бойы әдеттегідей сөл ағызуды кезінде кемінде + 10⁰ орташа тәуліктік температурада салынады, үдеткіш +12⁰ жағдайында қолданыла бастайды.

Қысқа мерзімді сөл ағызуды берілген екпелерге жаңа тілік сөл ағызудың бірінші жылының барлық кезеңіне бір рет кеуде биіктігінде, діңнің айналысының 60 % мөлшерінде қолданыстағы желілік жүктемемен жүргізіледі. Сөл ағызудың алдағы жылдарына жаңа тіліктер салу кезінде қоректік жолақтар енінің тұрақтылығы сақталады. Ұзақ мерзімді сөл ағызуды берілген екпелерге жаңа

тіліктер тілік салудың әрбір екінші кезегі үшін сөл ағызудың бірінші жылының барлық кезеңіне бір рет кеуде биіктігінде, діңнің айналысының 30-35 % мөлшерінде қолданыстағы желілік жүктемемен жүргізіледі.

Алдағы 4 жылда сөл ағызу қоректік жолақтар енінің тұрақтылығын сақтай отырып, қосымша белгі салмай екі кезектегі сөл ағызудың алғашқы алты жылындағы тіліктердің үстінен тіліктер салудың 60-70 % шегінде қолданыстағы желілік жүктемемен екі тілік салу арқылы жүргізіледі.

21. Әрбір жалпақтық сатысы үшін тіліктердің ені тілікаралық жолақтар басталғанға дейін діңнің айналасы бойынша тіліктердің ұзындығымен анықталады. Тіліктердің ені мен ұзындығын ұлғайтуға жол берілмейді.

22. Ұзартылған және қысқа мерзімді сөл ағызу осы Қағидалар 6 және 7-қосымшаларға сәйкес көзделген барлық орман пайдаланушылар үшін міндетті болып табылатын технологиялық схема бойынша жүргізіледі.

23. Тіліктер тілікаралық жолақтардың ені бірдей болатындай етіп діңді айнала орналастырылады. Егер тіліктерді тегіс орналастыру мүмкін болмаса, тілікаралық жолақтың ең төменгі ені 10 сантиметрден кем болмауы тиіс.

24. Ағаштардағы тілікаралық жолақтардың жалпы ені, әрбір тіліктің ені және тіліктердің саны қысқа мерзімді және ұзартылған шайыр ағызу үшін тиісінше осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларда көрсетілген.

25. Қарағай екпелерінен сөл ағызуды жүргізу кезінде шайыр ағызу үдеткіштері ретінде тек сульфит-спирт бардасы мен сульфит-ашытқысы ерітіндісін пайдалануға рұқсат етіледі. Күкірт қышқылын пайдалануға жол берілмейді.

26. Сульфит-спирт бардасы мен сульфит-ашытқысы ерітіндісін барлық шайыр ағызу мерзімінің ұзақтығында $+12^0$ температурасы кезінде үлес салмағы 1,1 кем болмайтын су ерітіндісі түрінде пайдалануға рұқсат етіледі.

Шайырды шығару үдеткіштері оларды қолдану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкестікте қолданылады.

27. Химиялық әсері жоқ тіліктердің арасында үзіліс сульфит-спирт бардасын күнтізбелік 3 күнде және сульфит-ашытқысы ерітіндісін (су ерітіндісін) күнтізбелік 3 күннен 4 күнге дейін қолдана отырып пайдаланылады.

28. Жаңа тілік қадамының мөлшері, оның тереңдігі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жүргізіледі.

29. Өз мақсатын орындаған тұқымдықтар, тұқым жолақтары және шоқ ағаштар шайыр ағызу үдеткішін пайдалана отырып, қысқа мерзімді сөл ағызудың (5-7 жыл) барлық кезеңінде немесе ұзақ сөл ағызу кезінде соңғы 4 жылда тартылады.

30. Шырша екпелерінде шайыр дайындау сәтінен бастап сөл ағызу ұзақтығы

Жаңа тіліктер барлық өсу кезеңі бойы әдеттегідей сөл ағызу кезінде кемінде + 7⁰ орташа тәуліктік температура кезінде жасалады.

31. Шайыр шығару үдеткіші ретінде барлық сөл ағызу кезеңінің ішінде тиісінше 0,25 және 5,0 % аспайтын қоспа мөлшерінде азықтық ашытқының экстрактын немесе тұнбасын қолдануға рұқсат етіледі.

32. Шырша ағаштарының сөлін ағызу кезінде жаңа тіліктердің көлемі, тереңдігі 2 миллиметрден аспауы, науа тереңдігі 4 миллиметрден аспауы тиіс. Тіліктердің қадамы 50 миллиметрден аспауы тиіс, тілік бұрышы 30-40⁰.

Тілікаралық жолақтың жалпы ені және тіліктердің саны осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес орындалады.

33. Шыршаның сөлін ағызу үдемелі тәсілмен жүргізіледі, маусымына 80 сантиметр биіктіктен бастап 7 күннен 14 күнге дейін жаңа тіліктер салу кезеңі кезінде 12-ден аспайтын жаңа тіліктер салынады. Діңнің биіктігі кезінде маусымдағы тіліктердің шығысы 55 сантиметрден, тілікаралық ойық 10 с а н т и м е т р .

34. Шырша екпелерінің сөлін ағызу аяқталғаннан кейін дереу кесуге кіріседі.

35. Балқарағай екпелерінің сөлін ағызу ұзақтығы шайырды дайындаған сәттен бастап 3 және 5 жыл. Жаңа тіліктер барлық өсу кезеңі бойы әдеттегідей сөл ағызу кезінде кемінде + 10⁰ орташа тәуліктік температура кезінде салынады.

36. Сөл ағызудың барлық мерзімі бойы үдеткіш ретінде үдеткіштің 1 литр жұмыс ерітіндісіне 10 грамм қайнатылған ас тұзын қоса отырып, тиісінше 0,25 және 5,0 % аспайтын қоспа мөлшерінде азықтық ашытқының ерітіндісін немесе тұнбасын қолдануға рұқсат етіледі.

37. Балқарағай ағаштарының сөлін ағызу кезінде – жаңа тіліктердің тереңдігі 5 миллиметрден аспауы, науа тереңдігі 6 миллиметрден аспауы тиіс. Тіліктердің қадамы 50 миллиметрден аспауы тиіс, тілік бұрышы 30-40 миллиметр.

Ағаштардағы тілікаралық жолақтың жалпы ені және тіліктердің саны осы Қағидаларға 9 және 10-қосымшаларға сәйкес орындалады.

38. 3 жылғы сөл ағызу кезіндегі тіліктер әр қабаттың арасы 5 сантиметр болатындай екі қабат етіп орналастырылады, жаңа тіліктер екі қабатқа да бір уақытта: үстіңгісіне - үдемелі, ал төменгісіне – бәсеңдеу тәсілімен салынады. Төменгі қабатқа тіліктер бірінші жылы 150 сантиметр биіктігінде салынады, жаңа тіліктер салу кезеңі күнтізбелік 21 күннен кем болмайды, ал діңнің жоғарғы қабатын пайдалану әр қабатта жылына 25 сантиметрден аспауы тиіс.

5 жылдық сөл ағызу кезінде сөл ағызудың барлық кезеңі бойы үдемелі тәсілді қолдану көзделеді. Тілікаралық ойық – 5 сантиметр. Тіліктер 80 сантиметр биіктікте (тіліктің төменгі шекарасы) салынады. Жаңа тіліктер салу кезеңі 14 күн

, сөл ағызу үшін жылдық пайдалану діңнің жоғары бетінен 40 сантиметрден аспайды.

39. Шайыр дайындау сәтінен бастап самырсыннан сөл ағызу ұзақтығы бір жыл. Самырсын шайыры самырсын қабығындағы дөңес жерлерді тесу жолымен дайындалады. Шайыр дайындауды $+16^0$ температурасы кезінде жылы, құрғақ күндері діңнің төменгі және орта бөлігінде жүргізеді. Шайыр самырсынды жаңа кесілген діңдерінен де дайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда ол шайырдың дөңес орындары бар діңнің бүкіл биіктігі бойынша жүргізіледі.

40. Самырсын шайырын алу үшін дөңестің төменгі бөлігін шайыр жинайтын ыдысқа қойылған металл түтіктің үшкір ұшымен теседі, содан соң дөңестен шайырды сығады. Дөңесті тесуді жеңілдету мақсатында ағаштың сыртқы ескі, қатты қабығын пышақпен немесе басқа да үшкір затпен (жонғышпен) жоюға рұқсат етіледі. Қабықты тазалау және дөңесті кесу кезінде шел қабыққа нұқсан келтіруге болмайды.

41. Шайыр дайындау аяқталған сәттен бастап сол екпелерден шайырды қайта дайындау 5 жылдан ерте жүргізілмейді.

3. Ағаш сөлдерін дайындау

42. Ағаш (қайың) сөлін дайындау басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге жататын пісіп-жетілген және жасамыс ағаштар учаскелерінде кесуден 5 жылдан ерте жүргізілмейді.

43. Ағаш сөлін дайындауды жүзеге асыратын орман пайдаланушылар жұмыс басталғанға дейін қайың екпелерін кесу жоспарымен байланыстырылатын жылдар бойынша бөлу арқылы пайдалану кезеңіне ағаш сөлін дайындау (қайың екпелерінің сөлін ағызу) жоспарын жасайды.

44. Сөл дайындау (қайыңның сөлін ағызу) орындарын шығаруға дайындық осы Қағидалар 2-18-тармақтарында көрсетілген жұмыстарға ұқсас жүргізіледі. Қайың екпелерінен сөлін ағызуға ағаш кесу билетін алғаннан кейін рұқсат етіледі.

45. Қайың сөлін ағызу үшін бір гектарда кемінде 200 түп ағаш саны бар бонитеттің 1-3 сыныптарының сау орман учаскелері іріктеледі. Сөл ағызуға диаметрі кеудеден кемінде 20 сантиметр биік ағаштар жіберіледі.

46. Сөл ағызуға іріктелген ағаштардың тамыры бөлігінде тамыр мойнынан 35-50 сантиметр биіктікте мынадай мөлшердегі ағаш диаметріне байланысты сөл ағызу саңылауларының орындары белгіленеді:

- 1) диаметрі 20-26 сантиметрде - 1 саңылау;
- 2) диаметрі 27-34 сантиметрде - 2 саңылау;
- 3) диаметрі 35 сантиметр және одан жоғары - 3 саңылау.

Арналарды бұрғылау алдында қатты қабықтардың бір бөлігін шел қабыққа нұқсан келтірмей жонғышпен немесе балтамен алады. Арналар бірнеше бағытта сөлдің жақсы ағуы үшін сөл ағызу басталғаннан кейін бұрғымен бұрғыланады. Арна диаметрі 1 сантиметр, тереңдігі – 2 сантиметрге дейін (қабықтың қалыңдығы есептелмейді). Сөл бөлетін ағын үшін науа қойылады, оның астына сөл қабылдағыштар орналастырылады.

47. Сөл ағызу маусымы аяқталғаннан кейін науалар алынады, ал саңылаулар ағаш тығынмен жабылып, ағаштар ауруының алдын алу үшін бақ құмымен, бақ замазкасымен немесе әк балшықпен бітеледі.

48. Сөл ағызудың келесі маусымында жаңа саңылаулар ескі саңылаудан 20 сантиметрден кем болмайтын арақашықтықта бұрғыланады.

49. Қайың сөлін алу үшін қайың екпелерінің ағашы жаңа кесілген кеспеағаштардың түбірлерін пайдалануға болады.

4. Қосалқы ағаш ресурстарын дайындау

50. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өнеркәсіптік қайта өңдеу және халықтың мұқтажын қанағаттандыру үшін қосалқы ағаш ресурстарын дайындау орманға нұқсан келтірмейтіндей етіп жүргізілуі тиіс.

51. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде сазда өсетін ағаштардан қабық пен бұтақтар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 ақпандағы № 141 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ағаш кесу қағидалар сәйкес кесілген ағаштардан ғана дайындау жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде өрме, сондай-ақ сыпыртқылар, сыпырғыштар және басқа да осындай заттар жасау үшін өсіп тұрған ағаштарда бұтақтар дайындауға рұқсат етеді.

52. Кеспеағаштарда дайындалған бұта өнімдері мен қабықтарды жинау өрт қауіпсіздігі шараларын сақтай отырып, сүйретпе соқпақтар мен жолдар бойында алаңқай жерлерде немесе жас өскіндерден бос ашық кеңістіктерде жүргізіледі.

53. Алдағы 2 жылда кесу үшін шығарылатын пісіп-жетілген және жасамыс екпелердегі өсіп тұрған ағаштардан қайыңтоз дайындауға болады.

54. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде курап қалған және дымқыл ағаштардың қабығын дайындау ағаш кесу билетін алғаннан кейін мемлекеттік орман қорының бүкіл аумағында жүргізіледі.

55. Тамырлар мен түбірлер (қарағай түбірінің шырынын) дайындауға жаңарту болымсыз мөлшерде болған жағдайда кеспеағаштар жаппай кесілгеннен кейін рұқсат беріледі. Осыдан кейін орманды жасанды түрде молықтыру талап етіледі.

Іріктеп ағаш кесу кезінде түбірлерді қопарып алуға болмайды.

56. Жапырақтар мен бұршіктер дайындау кеспеағаштардың кесілген

ағаштарынан да, өсіп тұрған ағаштардан да олардың дер кезінде молығуын қамтамасыз ететін ағаш кесу билетінде көзделген көлемде жүргізіледі.

Дәрі-дәрмектік мақсаттарда пайдаланылатын өсіп тұрған ағаштардан жапырақтар мен бүршіктер дайындау (жинау) ұзақ мерзімді орман пайдалану туралы шартпен, осы Қағидалармен анықталады және екпелердің жай-күйіне теріс әсер етпеуі тиіс.

5. Сүрекдіндерден сөл алынуы мүмкін аймақтар

57. Сүрекдіндерден ықтимал шырын ағызу аймақтарына орман орналастыру материалдарына сәйкес кесіліп жатқан және басты мақсатта пайдалану үшін кесуге бөлінген мемлекеттік орман қорының басты мақсатта пайдаланылатын кеспеағаштар, өсіп-жетілген және толысқан сүрекдіндер жиынтығы жатады.

58. Мемлекеттік орман қоры аумағындағы қарағайдан, шыршадан, балқарағайдан және самырсыннан ықтимал шырын ағызу аймақтары орман орналастыру материалдарына сәйкес кесіліп жатқан және басты мақсатта пайдалану үшін кесуге бөлінген өсіп-жетілген және толысқан сүрекдіндерде а й қ ы н д а л а д ы .

59. Мемлекеттік орман қоры аумағында сүрек (қайың) шырындарын дайындау үшін ықтимал шырын ағызу аймақтары болып орман орналастыру материалдарына сәйкес кесуге кемінде 5 жыл қалған басты мақсатта пайдалану үшін кесуге жататын өсіп-жетілген және толысқан орман учаскелері а й қ ы н д а л а д ы .

Өсіп-жетілген және толысқан сүрекдіндер кемшін болған жағдайда сүрекдіндерден ықтимал шырын ағызу аймақтарына орман орналастыру материалдарына сәйкес шырын ағызудың аяқталу мерзіміне кесу жасына жететін толысқан сүрекдіндер аймақтары жатады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
шайыр, ағаш сөлін және екінші дәрежелі
ағаш ресурстарын дайындау қағидаларына,
сондай-ақ сүрекдіндерден сөл алынуы
мүмкін аймақтарға

1-қосымша

Нысан

Екпелерді сөл ағызуда беру

АКТІСІ

20__жылғы «__»_____

(орман мекемесі мен орман шаруашылығын басқару органының атауы)
_____атынан

(орман мекемесі өкілінің лауазымы, тегі, аты-жөні)
сөл ағызу үшін _____
20__жылғы «__»_____ № ____ шарт негізінде әрекет ететін

(сөл ағызуды жүргізетін орман пайдаланушының атауы, лауазымы, Т.А.Ә.)
өкіліне мынадай екпелерді берді:

Орманшылық	Орам нөмірі	Телім нөмірі	Орман қорының санаты	Мөлдек нөмірі	Алаңы , гектар	Орман орналастыру материалдары бойынша жасы, жыл	Екпенің құрамы	С ө л ағызу мерзімі		Ұзақ мерзімді пайдалануға жатады	Айкесті
								басталуы	аяқталуы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Тапсырдым _____
(қ о л ы) _____ (Т . А . Ә .)

Қабылдадым _____
(қолы) (Т.А.Ә.)

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
шайыр, ағаш сөлін және екінші дәрежелі
ағаш ресурстарын дайындау қағидаларына,
сондай-ақ сүрекдіңдерден сөл алынуы
мүмкін аймақтарға

2-қосымша

Нысан

Сөл ағызып тұрған екпелерді есепке алу
КІТАБЫ

_____бойынша
(орман мекемесі мен орман шаруашылығын басқару органының атауы)

_____берілген
(сөл ағызуды жүргізетін орман пайдаланушының атауы)

Орманшылық	Орам нөмірі	Телім нөмірі	Орман қорының санаты	Мөлдек нөмірі	Алаңы , гектар	Орман орналастыру материалдары бойы нша екпенің жасы, ж ы л жасы, жыл	Орман орналастыру материалдары бойы нша екпенің құрамы	Е к п е бонитетінің сыныбы	Ағаш кесу тәсілі (тұтас, біртіндеп , іріктеп)	Сөл ағ А к т нөмірі және берілг күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
шайыр, ағаш сөлін және екінші дәрежелі
ағаш ресурстарын дайындау қағидаларына,
сондай-ақ сүрекдіңдерден сөл алынуы
м ү м к і н а й м а қ т а р ғ а
3-қосымша

Қысқа мерзімді сөл ағызу үшін алдағы 5-7 жылда кесуге жататын ағаштар

Кеуде биіктігіндегі тіліктердің қалыңдық сатысы, сантиметрмен	Қысқа мерзімді шайыр ағызу (5-7 жыл)		
	жалпы ені, сантиметр		Ағаштағы тіліктердің саны, дана
	тілікаралық жолақтар	әрбір тіліктер	
1	2	3	4
20	25	38	1
24	30	45	1
28	32	56	1

32	44	56	1
36	41	36	2
40	54	36	2
44	50	44	2
48	63	44	2
52	53	55	2
56	66	55	2
60	78	55	2
60-тан астам	ағаштың диаметріне тең		

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шайыр, ағаш сөлін және екінші дәрежелі ағаш ресурстарын дайындау қағидаларына, сондай-ақ сүрекдіңдерден сөл алынуы мүмкін аймақтарға 4-қосымша

Ұзақ мерзімді сөл ағызуға алдағы 10 жылда кесуге жататын ағаштар

Кеуде биіктігіндегі тіліктердің қалыңдық сатысы, сантиметрмен	Ұзақ шайыр ағызу - 10 жыл					
	1 – кезек (1-3 жыл). 30-35 % жүктемемен бір тілікпен шайыр ағызу		2 – кезек (4-6 жыл). 30-35 % жүктемемен бір тілікпен шайыр ағызу		Алдағы жылдар (7-10 жылдар). 60-70 % қолданыстағы жүктемемен екі тілік арқылы шайыр ағызу	
	Жалпы ені, сантиметр					
	Тілікаралық жолақ, сантиметр	тіліктер, сантиметр	Тілікаралық жолақ, сантиметр	тіліктер, сантиметр	Тілікаралық жолақ, сантиметр	тіліктер, сантиметр
20	44	19	25	19	25	19
24	53	22	31	22	31	22
28	60	28	32	28	32	22
32	72	28	44	28	44	28
36	77	36	41	36	44	28
40	89	36	53	36	53	36
44	94	44	50	44	50	44
48	106	44	62	44	62	44
52	108	55	53	55	53	55
56	121	55	66	55	66	55
60	134	55	78	55	78	55
60 жоғары	Ағаш диаметрінің жартысына тең		Ағаш диаметрінің жартысына тең		Ағаш диаметрінің жартысына тең	

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шайыр, ағаш сөлін және екінші дәрежелі ағаш ресурстарын дайындау қағидаларына,

сондай-ақ сүрекдіңдерден сөл алынуы
мүмкін аймақтарға
5-қосымша
Нысан

Екпелерді сөл ағызудан алу АКТІСІ

20__жылғы «__»_____

(орман мекемесі мен орман шаруашылығын басқару органының атауы)
_____ атынан

(орман мекемесі өкілінің лауазымы, тегі, аты-жөні)
сөл ағызу үшін _____
20__жылғы «__»_____ № ____ шарт негізінде әрекет ететін

(сөл ағызуды жүргізетін орман пайдаланушының атауы, лауазымы, Т.А.Ә.)
өкілінен мынадай екпелерді сөл ағызудан алдым:

Орманшылық	Орам нөмірі	Телім нөмірі	Орман қорының санаты	Мөлдек нөмірі	Алаңы , гектар	Орман орналастыру материалдары бойынша жасы, жыл	Екпенің құрамы	Сөл ағызу мерзімі		Ұзақ мерзімді пайдалануға жатады	Ай кет
								басталуы	аяқталуы		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Тапсырдым

(қ о л ы)


(Т . А . Ә .)

Қабылдадым _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
 шайыр, ағаш сөлін және екінші дәрежелі
 ағаш ресурстарын дайындау қағидаларына,
 сондай-ақ сүрекдіңдерден сөл алынуы
 мүмкін аймақтарға
 б-қосымша

Қарағай екпелерінен ұзақ мерзімді сөл ағызу жолының технологиялық сызбасы




Ескерту: ортадағы сандар тіліктің шекарасын, оң және сол жақтағы сандар - сөл ағызу жылдарын білдіреді.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
 шайыр, ағаш сөлін және екінші дәрежелі

ағаш ресурстарын дайындау қағидаларына,
сондай-ақ сүрекдіңдерден сөл алынуы
мүмкін аймақтарға
7-қосымша

Қарағай екпелерінен қысқа мерзімді сөл ағызу жолының технологиялық



сызбасы

Сөл ағызу 50 сантиметр биіктікте басталады және барлық кезең бойы үдемелі тіліктермен жүргізіледі.

Ескерту: Оң жақтағы сандар тіліктің шекарасын, ортадағы сандар – сөл ағызу жылдарын білдіреді.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
шайыр, ағаш сөлін және екінші дәрежелі
ағаш ресурстарын дайындау қағидаларына,
сондай-ақ сүрекдіңдерден сөл алынуы

м ү м к і н а й м а қ т а р ғ а

8-қосымша

Жаңа тілік қадамының мөлшері, оның тереңдігі

Ағызу тәсілі	Жаңа тілік қадамы, сантиметр	Ж а н а т і л і к т і ң тереңдігі, сантиметр
1	2	3
Химиялық әсер етпей сульфит-спирт бардасы мен сульфит ашытқысын қолдана отырып	1,2-1,5* 1,2-2,0*	0,2-0,6 0,2-0,6

Ескерту: Екінші сандар жас тілік қадамының ең көп мөлшерін білдіреді, оның артуына жол берілмеуі тиіс.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шайыр, ағаш сөлін және екінші дәрежелі ағаш ресурстарын дайындау қағидаларына, сондай-ақ сүрекдіңдерден сөл алынуы мүмкін а й м а қ т а р ғ а

9-қосымша

Тілікаралық жолақтың жалпы ені және тіліктердің саны

1,3 метр биіктіктегі қабықтың қалыңдық сатысы, сантиметрмен	Ағаштағы тіліктер саны, дана	Тілікаралық жолақтың жалпы ені ең кемінде, сантиметрмен
1	2	3
20	-	-
24	1	40
28	1	45
32	1	50
36	2	55
40	2	65
44	2	70
48	2	75
52	2	80
56	3	85
60	3	95
64	3	100

Ескерту: Тілікаралық жолақтар діңнің сау бөлігіне ғана салынады. Тіліктер діңді айналдыра тең салынады. Тіліктерді тең орналастыру мүмкін болмаған жағдайда ең тар жолақ 10 сантиметрден кем болмауы тиіс. Еңісі бар ағаштарда тілікаралық жолақтар еңіс жағына және қарама-қарсы жағдайда ағашта екі тілік болған кезде қалдырылады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде
 шайыр, ағаш сөлін және екінші дәрежелі
 ағаш ресурстарын дайындау қағидаларына,
 сондай-ақ сүрекдіңдерден сөл алынуы
 мүмкін аймақтарға
 10-қосымша

Ағаштардағы тілікаралық жолақтың жалпы ені және тіліктердің саны

1,3 м, см биіктіктегі қабықтағы қалыңдық сатысы, сантиметрмен	Ағаштағы тіліктер саны, дана	Тілікаралық жолақтың жалпы ені ең кемінде, сантиметрмен
1	2	3
20	1	15
24	1	15
28	1	20
32	1	20
36	2	25
40	2	25
44	2	25
48	2	30
52	2	35
56	2	35
60	2	40
64	3	40

Ескерту: Тілікаралық жолақтар діңнің сау бөлігіне ғана салынады. Тіліктер діңді айналдыра тең салынады. Тіліктерді тең орналастыру мүмкін болмаған жағдайда ең тар жолақ 10 сантиметрден кем болмауы тиіс. Еңісі бар ағаштарда тілікаралық жолақтар еңіс жағына және қарама-қарсы жағдайда ағашта екі тілік болған кезде қалдырылады.